

Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №1

7.09.2021 ж.
сар.11^м

О.Әлібаев ЖББМ

Төрайымы: Ибраева А (ата-ана)

Хатшы: Д.Ауданбай (әлеуметтік педагог)

Қатысқандар: Алин Д.Г - мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-

Күржікова А.К (ата-ана), Байбағисова И (ата-ана), Жанпейісова Б.С (ата-ана), Оспанова Г (ата-ана).

Кожамуратова Ж (ата-ана), Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана), Махатова А (ата-ана), Бекмаханова Ж (ата-ана)

Күн тәртібінде:

1. ҚР Білім және Ғылым министрінің «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2017 ж. №355 бұйрығымен, (2.04. 2018 ж. №123 бұйрығы) таныстыру.

Н.Б.Желибаева

2. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту.

Д.Г.Алин

3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.

Н.Б.Желибаева

Тыңдалды:

Сөйледі 1.1: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -Н.Б.Желибаева

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Желибаевасөз алып, ҚР Білім және Ғылым министрінің «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2017 ж. №355 бұйрығымен, (2.04. 2018 ж. №123 бұйрығы) таныстырды. Қамқоршылық кеңесі жұмысының жүргізілуі, төрағасының атқаратын міндеті, мектептің дамуына қосатын үлесі және мектепте құрылатындығы жайлы толық тоқталды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тек, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылатындығы, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мертімі үш жылды құрайтындығы және кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейтіндігі жайлы айтты.

Сөйледі 2.1: мектеп директоры- Д.Г.Алин

Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, биылғы оқу жылында 31.08.2021 ж. өткен жалпы ата-аналар жиналысының шешіміне сүйеніп отырып құрылған Қамқоршылық кеңесі мүшелерін бекіту жөніндегі бұйрықпен таныстырды. Кеңес мүшелері мектеп оқушыларының ата-аналары екендігін айтты. 2020-2021 оқу жылында құрылған «Қамқоршылық» кеңесі мүшелерінің құрамында екі ата-ана ауыстырылғандығын және себебін түсіндіріп, бұйрықпен таныстырды. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 8-тармағына сәйкес 1 ата-ана ауыл әкімі және 1 ата-ана мектеп мұғалімі қызметіне ауысуына байланысты ауыстырылғандығын түсіндірді.

Сөйледі 3.1: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -Н.Б.Желибаева

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Желибаева сөз алып, Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелерінің отырысы кезектен тыс болмаса жылына 5 рет болатындығы және әр отырыста қаралатын күн тәртібіндегі мәселелер жайлы таныстырды. Әр кеңес мүшесі өз үлесін қосып, ортаға ұсыныс, ой сазуға болатындығы айтылды.

Сөз алғандар: Күржікова А (ата-ана)

Әр кеңес мүшесі мектеппен байланыс орната отырып мектептің дамуына, үлес қосып, жұмыс жасауымыз керек.

Ибраева А (кеңес төрайымы)

Бүгінгі сайланған, бекітілген кеңес мүшелері бірлесіп қарқынды жұмыс жасап, оң нәтиже көрсетіп, өз міндетімізді тиімді орындауымыз керек.

Қаулы етілді:

1. Мектеппен бірлесіп отырып жұмыс жасауға атсалысу және оны ұйымдастыру кеңес төрайымы А.Ибраеваға жүктелсін;
2. Кеңес мүшелерімен бірлесіп отырып, кеңес отырыстарын уақытылы ұйымдастыру тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Желибаеваға міндеттелісін;
3. Қамқоршылық кеңесінің жоспар бойынша жұмысын жүзеге асыруға ықпал ету әр кеңес мүшесіне міндеттелісін.

Кеңес мүшелері:

Күржікова А.К

Кожамуратова Ж

Исатаев О.К

Байбағисова И

Махатова А

Бекмаханова Ж

Жанпейісова Б.С

Оспанова Г

Төрайымы:

Хатшы:

А.Ибраева

Д.Ауданбай